

Нұрлы-көш орта мектебі КММ

2021-2022 оқу жылы

Қамқоршылық кеңестің №3 отырысы хаттамасы

**Өткізілген күні:** 30.05.2022

**Өткізілген орны:** Нұрлы-көш орта мектебі КММ

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі, кеңес мүшелері

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы туралы есеп.
2. 2022-2023 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмысын жоспарлау туралы.
3. Тұрмысы төмен отбасылардан шыққан оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру және тіркеудің барлық түрлерінде жүрген оқушыларды жұмысқа орналастыру туралы.
4. Мектептің 10 жылдық мерейтойының қорытындысы
- 5.

**Тыңдалды:**

Отырысты кеңес төрағасы Әліп А.Е. күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырудан бастады.

Мектеп директоры Уразтаева А.К. күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылының қорытындысы туралы есеп берді. Мектеп директоры 2021-2022 оқу жылында мектептің жалпы білім сапасы 61% көрсетіп отырғанын, негізгі мектепті 22 оқушы аяқтап, оның 1-і ерекше аттестат иегері атанғанын айтты. Орта мектепті 6 оқушы бітіріп жатқанын, алдағы емтихандарының жылдағыдан ерекшелігін атап өтті. Сонымен қатар, 11-класты бітіріп жатқан 2 түлектің «Алтын белгіге» үміткер екенін, мектеп ашылғалы бұл тұңғыш «Алтын белгі» болатынын айтты.

Уразтаева А.К. жыл барысында педагогтардың біліктілігін арттыру мен ата-ана-мектеп ынтымақтастығын күшейту жолында жасалған жұмыстарға тоқталды. Әсіресе, оқушылар үшін қауіпсіз де жайлы білім ортасын құрудағы жұмыстар және жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтты. Мектеп басшысы, аталған жұмыстар негізінде бүгінгі таңда мектебімізде құқықбұзушылық орын алмағанын, ІІБ есебіне тіркелген оқушы жоқ екенін атап өтті. Алдағы оқу жылына қойылған мақсат-міндеттермен таныстырды.

2022-2023 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмысын жоспарлау туралы Әліп А.Е. алдағы оқу жылына қамқоршылық кеңес жұмысын одан әрі жалғастыруда баса назарға алу қажет мәселелер туралы айтты. Кеңес төрағасы жаңа оқу жылындағы жоспардың тамыз айындағы «Мектепке жол» акциясының ұйымдастырылуы мен әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасылардың балаларына көңіл бөлу қажеттігі үнемі басты назардағы мәселеге екенін атап өтті. Сондай-ақ, аталған мәртебедегі балалардың жаңажылдық мерекемен және сыйлықтармен қамтылуы – жыл сайынғы дәстүрге сай орындалуы қажеттігін түсіндірді. Сонымен қатар, алдағы оқу жылында аталған мәселелерден басқа да мектеп өміріне қатысты негізгі мәселелер қамтылатынын айтты.

Тұрмысы төмен отбасылардан шыққан оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру және тіркеудің барлық түрлерінде жүрген оқушыларды жұмысқа орналастыру туралы мәселені мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Коразбекова М.К. көтерді. Бүгінгі таңда мектепте ІІБ есебінде тұрған

оқушы жоқ екенін, дегенмен аса бақылауды қажет ететін, өтпелі кезеңге байланысты мінез-құлқында тұрақсыздық пайда болатын 7-8-класс оқушыларын жазғы кезде еңбек практикасына тарту жоспарланғанын айтты. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Таңшолпан» мектеп жанындағы лагері жұмыс жасайтынын, оған 80 бала қамтылу көзделіп отырғанын айтты. Одан бөлек, аз қамтылған отбасы балалары үшін 1-8-класс оқушылары аралығындағы 8 оқушының тізімі «Күншуақ» лагеріне сұраныста берілгенін атап өтті. Сонымен қатар, 1-5-класс оқушыларының әлеуметтік мәртебесі көрсетілген тізімі аудандық білім бөліміне жіберіліп, жаз айларында ұйымдастырылатын қала сыртындағы лагерлерге жолдама беру туралы ұсынылғанын айтты. Ата-ана демеушілігімен «Жаңарған Түркістан» сапарына экскурсия ұйымдастыру да жоспарланып отырғанын айтты. ДТІЖО алдағы кезекте басымдық жетім балалардың жазғы лагермен қамтамасыз етілуіне қаратылатынын жеткізді.

Кеңес мүшесі, мектептегі кәсіподақ төрайымы Шуканова Н.Н. мектептің 10 жылдық мерейтойының қорытындысымен таныстырды. Шуканова Н.Н. мерейтой 26 мамырда өткен болса, одан бергі 2 күнде демеушілер тарапынан бөлінген қаражат есебі жинақталып жатқанын, берілген әрбір сумма мектеп инстаграмына салынып отырғанын айтты. Алдағы уақытта барлық есептер жасалып, мектеп ұжымы мен қамқоршылық кеңеске қаражаттың жұмсалуды туралы есеп берілетінін айтты. Ал жалпы мерейтой өте жоғары деңгейде өткенін, ол мектеп ұжымы мен әкімшілігінің орасан еңбегі екенін атап өтті. Кеңес төрағасы да мерейтойға қатысқандығын, барлық безендіру мен шараның өтуі сапалы да жоғары деңгейде болғандығын айтты.

Кеңес соңында қаралған мәселелер бойынша қаулы қабылданды.

#### ҚАУЛЫ:

1. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы туралы есеп қанағаттанарлық деп танылсын. Алдағы оқу жылында білім сапасын арттыру үшін жұмыстар жүргізілсін.
2. 2022-2023 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарына енгізілген уақытылы да сапалы орындалуына кеңес мүшелері жауапты деп танылсын.
3. Тұрмысы төмен отбасылардан шыққан оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру және тіркеудің барлық түрлерінде жүрген оқушыларды жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша жоспарланған іс-шаралардың уақытылы жүргізілуі кеңес мүшелері мен мектеп әкімшілігі тарапынан қадағалансын.
4. Мектептің 10 жылдық мерейтойының қорытындысы жоғары деңгейде болғандықтан «өте жақсы» деп танылсын. Толық есеп беру ісіне кеңес мүшесі Шуканова Н.Н. жауапты болып бекітілсін.

Төраға:	Әліп А.Е.
Орынбасары:	Жолмұханбетова Н.Ж.
Мүшесі:	Сыдық А.Б.
Мүшесі:	Жубанышева З.К.
Мүшесі:	Бижанова Ж.К.
Мүшесі:	Шуканова Н.Н.
Мүшесі:	Талманова А.
Мүшесі:	Абишова Н.Р.
Мүшесі:	Избасқанова С.Е.
Хатшысы:	Коразбекова М.К.